

Темір жол көлігінің қуатын арттыру жобасы жөніндегі Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры (Жапония) займының қаражатын пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 тамыз N 1064

Темір жол көлігінің қуатын арттыру жобасын жүзеге асыруды жеделдету және Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қоры (Жапония) займының қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорының (Жапония) займы бойынша шығыстар санаттарының арақатынасы 7 236 000 000 (жеті миллиард екі жүз отыз алты миллион) жапон иені сомасында қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт - импорт банкісі осы займ бойынша қаржы агенті болып табылады деп белгіленсін.

3. Өз мұқтажына осы займның валюталық қаражаты бөлінген Алматы темір жолының басқармасы осы займ бойынша атқарушы агенттік болып табылады деп белгіленсін.

Бөлінетін қаражаттың нысаналы әрі тиімді пайдалануы үшін, сондай-ақ негізгі борыштың, проценттері мен қосымша төлемдерінің өтелуі үшін жауапкершілік Алматы темір жолы басқармасына жүктелсін.

4. Темір жол көлігінің қуатын арттыру жобасы жөніндегі займ туралы халықаралық шарт мәртебесі бар Келісімге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

осы Жобаның шеңберінде әкелінетін тауарлардың импорты қосымша құн мен кедендік баж салығын төлеуден босатылады;

осы Жоба жөніндегі әкелінетін тауарларға, көрсетілетін қызметтерге (жұмыстар) қосымша құнға салық нөлдік ставка бойынша салынады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт - импорт банкісі: займ туралы Келісімде белгіленген мерзімдерге сәйкес займның негізгі сомасының, проценттерінің және қосымша төлемдерінің орнын толтыру жөнінде Халықаралық Экономикалық Үнтымақтастық Қорымен (Жапония) есеп айырысуды жүзеге асырсын; ай сайын:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне - арнайы шотта негізгі борышты, проценттері мен қосымша төлемдерін өтеу есебіне қаражат жинау жөніндегі проценттің жай-күйі туралы есеп және займ қаражаттың өтелуі жөнінде ақпарат;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке - займ қаражатын игеру жөніндегі ақпарат беріп отырсын.

6. Алматы темір жолының басқармасы:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің займы мен кредиті бойынша міндеттемелерді өтеуге арналған қаражаттың жиналуын және оның Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт - импорт банкінің арнайы шотына дер кезінде аударылуын қамтамасыз етсін;

тендерлер өткізудің нәтижелері бойынша, консультанттарды, беріп тұрушылар мен мердігерлерді таңдап алу жөнінде контрактілердің жасалуын қамтамасыз етсін;

тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке және Халықаралық Экономикалық Ұнтымақтастық Қорына (Жапония) жобаның жүзеге асырылуының барысы туралы есеп беріп отырсын;

ай сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мемлекеттік Экспорт - импорт банкінің арнайы шотына негізгі борышты, проценттері мен қосымша төлемдерін өтеу есебіне қаражат жинау жөніндегі процестің жай-күйі туралы есеп беріп отырсын:

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі темір жол көлігін дамытудың жобасын (Достық стансасын дамыту және Ақтоғай-Достық темір жол желісін күшейту, 1 кезегі) республика бюджетінен қоса қаржыландыруға талап етілетін 1997 жылға арналған басым жобалардың тізбесіне енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Халықаралық Экономикалық Ұнтымақтастық Қорының (Жапония) займымен темір жол көлігінің қуаттарын дамыту жобасын (Достық стансасын дамыту және Ақтоғай-Достық темір жол желісін күшейту, 1 кезегі) қоса қаржыландыру мақсатында:

1996 жылдың ІҮ тоқсанында Алматы темір жол басқармасына 30 000 000 (отыз миллион) жапон иеніне баламды мөлшерде қаражат бөлсін;

1997 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде қоса қаржыландыру үшін 5. 000 000 (бес миллион) АҚШ долларына баламды мөлшерде қаражат қарастырсын, кейін қоса қаржыландыру Алматы темір жолы басқармасының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылсын;

жоғарыда аталған Жобаны қоса қаржыландыру "Қазақстан Республикасы бюджетінен жобаларды қоса қаржыландырудың тетігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 695 қаулысында белгіленген тәртіпке сәйкес қатаң жүзеге асырсын;

Халықаралық Экономикалық Ұнтымақтастық Қорының (Жапония) займы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кредиті бойынша негізгі борыштың, проценттері мен қосымша төлемдерінің дер кезінде өтелуіне бақылауды жүзеге асырсын.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет:

Халықаралық Экономикалық Ұнтымақтастық Қорының (Жапония) ресімдері мен

ережелеріне сәйкес займның сатылуы және таратулардың сатып алынуын, жұмыс пен қызмет көрсетудің атқарылуын жалпы үйлестіруді жүзеге асырсын;

займ қаражатын пайдаланудың есебін жүргізсін және осы мәселе жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне есептер табыс етсін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ай сайын займ

қаражаттарын игеру жөнінде ақпарат ұсынатын болсын.

10. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Талдықорған облысының әкімімен бірлесіп Алматы темір жолы басқармасын Алакөл көлінен айналма темір жол желісін жүргізу үшін жерді Алматы темір жол басқармасына тұрақты пайдалануға беруіне байланысты ауыл шаруашылығы өндірісі шығынының құнын төлеуден босататын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 28 тамыздағы
N 1064 қаулысына
қосымша

Халықаралық Экономикалық Үлгімақтастық Қорының (Жапония)
займы бойынша шығыстар санаттарының арақатынасы

Санаты	і Қаржы сомасы і млн. жапон йені
(А) Құрылыс жұмыстар	6480
(В) Консалтингтік қызмет	312
(С) Көзделмеген шығыстар	444
жиыны	7236

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК